

Балалар арасында жедел ішек инфекциясының алдын алу

Жедел ішек аурулары (ЖІА) мен сальмонеллез қоздырғышы түрлерінің саналуандығы, бұл жұқпаның тез таралуы, балалардың асқазан-ішек құрылысынаың кері әсер етуі – оның өзекті проблема екендігін жокқа шығармайды. Науқас адамдармен қатар ешқандай сырқаты білінбейтін бактерия тасымалдаушылар да ішек ауруларының көзі болып табылады. Сондықтан да олар қоршаған ортаға қауіпті, жасырын инфекция таратушысы болуы ғажап емес. Жедел ішек жұқпасы балалар арасында, әсіресе, жылдам таралады, өйткені олар бұл ауру түрімен жиі науқастанады әрі оларда тазалық дағдылары әлі қалыптаспауы себепті инфекцияны тез таратуға бейім тұрады. Азық-түлік өнімдері арқылы да инфекция қоздырғыштары адам ағзасына жиі түседі, бірақ бұл жағдайдың алдын-алуға әбден болады. Отбасыңызды тағамнан уланудан сақтағыңыз келсе, тек сапалы тағам өнімдерін пайдалану қажет. Ұйымдастырылған ұжымда айранның «простокваша» түрін, ет қосылған құймақтар, флот түріндегі макарон өнімдері, кремді кондитерлік тағамдар, кремдер, сусындар, морс, квас, тұздалған балықтан жасалған фарш, фритюрдағы тағамдар, паштет, пастерленбеген сүттен дайындалған сүт өнімдері, қанды және ливерлі шұжықтар, суда жүзетін құстардың жұмыртқасы мен еті, консервіленген үй тағамдарын дайындауға және пайдалануға тыйым салынады.

- Ас дайындауда ас үй мүлкі, ыдыс-аяғы мен қондырғысын мақсатына қарай қолдану;
- ас дайындау технологиясын қатаң сақтау, ет өнімдерін екінші қайтара жылылықта өңдеу;
- пайдаланар алдында көкөніс пен жеміс-жидектерді мұқият жуу;
- тез бұзылатын азық-түліктерді сақтауда 4 градустан төмен емес температуралық тәртіпті сақтап, тауар көршілестігі ережелерін бұзбау;
- азық-түлік өнімдерін тағам қауіпсіздігін куәландыратын рұқсат құжаттары жоқ, белгіленбеген жерлерден алмау;
- тазалық ережелерін сақтау, тамақтанар алдында және дәретханадан кейін қолды мұқият жуу;
- лагерь қызметкерлерінің уақытылы медициналық тексерілуден өтіп, санитарлық қызметтен жұмыс жасауына рұқсат алуы;
- ата-аналарға ұйымдастырылған ұжымдарға пайдалануға тыйым салынған азық-түлік өнімдерін алып келуіне рұқсат бермеу.

Балалар арасында жедел ішек инфекциясының алдын-алу үшін осы кенестерді орындағаныңыз жөн.